



▸ Ис-әрекет туралы жалпы
түсінік

- Адамның күнделікті өмірдегі жағдайы бұл оның белсенді әрекет үстіндегі жағдайы. Адам үнемі әрекет етеді, бір нәрсені істейді, бір нәрсемен шұғылданады – еңбектенеді, оқиды, спортпен айналысады, ойнайды, адамдармен қарым-қатынасқа түседі және т.б. Демек, ол сыртқы (қимыл, амалдар, бұлшық еттің күші) немесе ішкі (тіпті қимылсыз жатқан адамдағы ойлану, еске түсіру және т.б. кезде байқалатын) белсенділік танытады. Бірақ ішкі және сыртқы белсенділікті шартты түрде ғана ажыратуға болады. Адамның сыртқы белсенділігінен байқалмайтын ой еңбегінің өзі тіл қимылы сияқты ұсақ қимылдармен байланысты болатынын зерттеулер көрсетіп берді. Біздерше «іштей ойлану» деп аталатын «іштей сөйлеу» болып табылады, себебі ересек адамның ойлауы сөздік формада болады. Сондықтан адамның кез-келген іс-әрекеті сыртқы қимылмен, оның бұлшық еттерінің қозғалысымен байланысты.

- Ис-әрекет – бұл қажеттіліктер мен қызығушылықтарды қанағаттандырумен байланысты саналы қойылған мақсаттарға жетуге бағытталған адамның белсенділігі.
- Ис-әрекетсіз адамзат өмірі мүмкін емес. Ис-әрекет үстінде адам қоршаған дүниені танып біледі. Ис-әрекет адамға материалдық жағдайды – тамақты, киімді, баспананы жасайды. Ис-әрекет барысында рухани дүниелер жасалады: ғылым, әдебиет, музыка, сурет. Ис-әрекет үрдісінде адам қоршаған шындықты өзгертеді, өзінің еңбегі арқылы айналадағы әлемді жаңартады: шөл дала гүлденген баққа айналады, өзендер өзінің арнасы мен бағытын өзгертеді, тундра мен тайгада қалалар пайда болады. Ис-әрекет адамның өзін қалптастырады және оның өзін , оның еркін, мінезін, қабілетін өзгертеді.

- Психиканың маңызды қызметі - тіршілік иесінің мінез-құлықтарымен іс-әрекетін басқару болып табылады. Іс-әрекет заңдылықтарын зерттеуде зор үлес қосқан кеңес психологтары А.Н. Леонтьев пен Л.С.Выготский болды. Адамның әрекеті мен оның белсенділігі оны жануарлар дүниесінен ерекше ажыратып тұрады.
- Адам психикасының бірінші әрі басты айырмашылығы – оның санасының болуында, адам мақсатты және оған жету тәсілдерін түсінеді, нәтижені көре біледі (А.Н.Леонтьев). Сананың пайда болуының жетекші факторлары еңбек пен тіл болды.
- Адамның іс-әрекеті жануарлардың қылықтарынан, тіпті ол аса күрделі болса да өзгеше болады. Екіншіден, адамның іс-әрекеті еңбек құралын жасаумен, қолданумен және сақтаумен байланысты. Үшіншіден, адамның іс-әрекетінің қоғамдық сипаты болады, себебі ол ұжымда және ұжым үшін жасалады.

- Адамның кез келген іс-әрекеті оның алдына қойған мақсаттарымен, міндеттерімен анықталады. Егер мақсат болмаса іс-әрекет те болмайды. Адам өз алдына мақсат қояды, белсенді қызмет істеуге итермелейтін себептерді түсінеді. Әдетте адамның іс-әрекеті бір ғана мотив не мақсатпен емес, тұтас мақсаттар мен мотивтер жүйесімен анықталады. Іс-әрекет мотивация деңгейімен және оның қоғамдық немесе тек тұлғалық сипатымен де бағаланады. Іс-әрекеттің құрамдас бөлігін немесе басқаша айтқанда іс-әрекеттің жекелеген актісін әрекет деп атайды. Бұл мақсатқа жетуге бағытталған процесс.
- Іс-әрекет сияқты әрекеттің де құрлымы болады: мақсат-мотив, тәсіл-нәтиже. Әрекеттің мынадай түрлері бар: сенсорлық (объектіні қабылдау), моторлық (қимыл-қозғалыс), еріктік, ой, мнимикалық (ес), сыртқы, заттық (сыртқы дүниедегі заттардың күйі мен қасиетін өзгертуге бағытталған) және ақыл-ой (сананың ішкі жоспарында орындалатын). Әрекеттің мынадай компоненттері ажыратылады: сенсорлық (сезімдік), орталық (ақыл-ой) және моторлық (қимыл-қозғалыс).

- 
- **Операция** – бұл әрекетті орындаудың нақты тәсілі. Операциялардың сипаты оның орындалатын жағдайына және адамның тәжірибесіне байланысты болады. әдетте олар саналылықты аз қажет етеді не мүлде қажет ете қоймайды, яғни бұл автоматты дағдылар деңгейі болып табылады.
 - **Дағды** – алғашқыда саналы орындауды қажет ететін әрекеттің жаттыға беру нәтижесінде автоматты қалыптасуы.
- 

- **Психофизиологиялық қызметтер** іс-әрекет процесінің органикалық ірге тасын құрайды.
- **Сенсомоторлық процестер** қабылдау мен қимыл-қозғалыстың байланысын жүзеге асырады.
- **Идеомоторлық процестер** қимыл мен оның орындалуы туралы түсініктерді байланыстырады. Бейне және оның моторлық актілерді реттеудегі ролі мәселесі - адамның дұрыс қимылы психологиясының негізгі мәселесі болып табылады.
- **Эмоционалдық-моторлық процестер** – қимылдың орындалуын эмоциямен, сезіммен, психикалық күймен, адамның уайымдарымен байланыстырады.
- **Интериоризация** – бұл сыртқы, материалдық әрекеттен ішкі әрекетке өту процесі.
- **Экстериоризация** – бұл ішкі психикалық әрекеттің сыртқы амалдарға айналу процесі.
- Әрекеттің түрлерін қарастырғанда, адамзат дамуының ерте генетикалық деңгейінде әрекет адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасын орнатудың негізі мен оның психикасын қалыптасу факторы ретінде түсіндіріледі.

- Адам қажеттіліктерінің бәріне жуығы еңбек арқылы қанағаттандырылады. **Еңбек** — адам тіршілігіндегі маңызды қажеттілік. Сондықтан, қоғамдағы тәлім-тәрбиенің өзекті мәселесі — адамды еңбек ету қажеттілігінде тәрбиелеу. Жастарды еңбекке психологиялық тұрғыдан даярлау жалпы гуманистік тәрбиенің түпкі мақсаты. Еңбек - адамның іс-әрекетінің негізгі түрі және барлық материалдық игіліктерді өндірудің қайнар көзі. Іс-әрекеттің екінші түрі — оқу. **Оқу** әрекеті арқылы адам қоғамдағы тарихи мағлұматтар мен білім қорын меңгеріп, ішкі рухани дүниесін байытады, дүниетанымдық көзқарасын қалыптастырады. **Ойын** — адамның негізгі іс-әрекетінің бірі. Ол бала мен жасөспірімнің денесін шынықтырады, әр алуан қимыл-қозғалыстарын жетілдіреді. Мектеп жасына дейінгі балалардың басты іс-әрекеті — ойын. Ойынның түрлері мен мазмұны баланың ақыл-ойының дамуына ықпал етіп, өзін қоршаған ортаның, заттар мен құбылыстардың мән-жайын түсіндіреді. Бір сөзбен айтқанда, еңбек, оқу, ойын—адамның дамып жетілуіндегі қажеттіліктерін өтеудегі негізгі іс-әрекет түрлері болып табылады.

- *Конструктивтік* ойындар анағұрлым күрделі болады. Онда сәбилер құрылыс материалдарын пайдалана отырып, үй салады, тамақ пісіреді. Балалар заттардың не үшін қажет екенін және адамдар арасындағы қарым-қатынасты аңғаруға жетісетін конструктивтік ойындар *сюжеттік* ойындарға айналады. Сәби өзіне белгілі бір *роль* алып, «ана мен бала», «дүкен» ойынын ойнайды. 3—4 жасқа дейін балалар бір-бірімен қатар ойнағанмен, бірге ойнамайды. 4 жастан былай қарай ойын ұжымдық қалып алып, белгілі бір ойын тәртібі енгізіледі. Әрине, балалардың ұжымдық ойынға қатынасуы тәрбие жағдайына байланысты. Үйде тәрбиеленген балалар, балалар бақ-шасында тәрбиеленген сәбилерге қарағанда ұжымдық ойынға әзер дегенде қосылады. 6—7 жасқа келген кезде мерзімі едәуір ұзаратын сюжетті-рольдік коллективтік ойындарда балалар ойынның негізгі мағынасын және жолдасының іс-әрекетін қадағалайтын болады. Сюжеттік-рольдік ойындар балаларды ұжымда өмір сүруге үйретеді.

- Педагогикалық іс-әрекеттің кез-келген іс-әрекет түрі сияқты сипаттамалары бар. Оған: мақсаттылығы, міндет, мотив, әдіс, амал, пәні, құралы болады. Педагогикалық іс-әрекеттің ең негізгі сипаттамасы нәтижелілік, яғни қорытындысы болып табылады. Педагогикалық іс-әрекет психологиялық мазмұнмен анықталады. Оған: тәсіл, мақсат, міндет, әдіс, нәтиже, мотив кіреді.
- Мотивация дегеніміз – педагогикалық іс-әрекеттің ең негізгі компоненті бұл жерде ішкі және сыртқы мотивтер бар. Сыртқы мотивтерге мақсатқа жету мотиві жатады. Ішкі мотивке іс-әрекетке өз-өзінді бағыттау, бағдарлау іс-әрекеттің нәтижесі жатады.
- Педагогикалық іс-әрекеттің пәні дегеніміз – оқушының оқу іс-әрекетін ұйымдастыру болып табылады.
- Педагогикалық іс -әрекеттің құралдарына: 1. ғылыми білімдер (теориялық, практикалық) және білімді тасымалдаушы ретінде оқулықтар жатады (текстер арқылы). 2. қосымша құралдарға: техникалық, компьютерлік, графикалық құралдар жатады.
- Педагогикалық іс-әрекеттегі әртүрлі әлеуметтік тәжірибені тасымалдау құралына: көрсету, түсіндіру, бірлескен топтық жұмыстар, оқушының практикасы жатады.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!!!

- Дайындаған:Алиман Ақбота
- Тексерген:Маженова С.С